


OŃTÜSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 16 беттің 1 беті	
«Фармакология-2» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		

**Кафедра «Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология»**  
**Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)**  
**Білім беру бағдарламасы 6B10106 «Фармация»**

<b>1.</b>	<b>Пән туралы жалпы мағлұмат</b>		
1.1	Пән коды: Farm 3203-2	1.6	Оқу жылы: 2024-2025
1.2	Пәннің атауы: Фармакология -2	1.7	Курс: 3
1.3	Реквизитке дейінгі: биологиялық химия, микробиология, физиология анатомия негіздерімен, латын тілі	1.8	Семестр: 6
1.4	Реквизиттен кейінгі: фармакотерапия, фармацевтикалық демеу, дәрілік заттарды тиімді қолдану дәлелді медицина негіздерімен, фармацияны басқару және экономикасы-1, фармацияны басқару және экономикасы-2	1.9	Кредиттер саны (ECTS):5
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ЖООК
<b>2.</b>	<b>Пәннің сипаттамасы</b>		
Тыныс алу жүйесінің, жүрек-қан тамыр жүйесінің, зәр шығару мүшелерінің, асқазан-ішек жолдарының, эндокриндік жүйенің, тірек-қимыл аппаратының және қан жүйесіне әсер ететін дәрілердің функцияларына әсер ететін дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасы. Дәрілік құралдардың жіктелуі және номенклатурасы. Дәрілердің дозасын, концентрациясын есептеу. Дәрілердің жанама әсерлері, жанама әсерлердің алдын алу және түзету әдістері.			
<b>3.</b>	<b>Жиынтық бағалау түрі</b>		
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	✓ Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	✓ ОҚТЕ	3.8	Басқа (көрсету)
<b>4.</b>	<b>Пәннің мақсаты</b>		
Фармакодинамиканың, фармакокинетиканың, фармакогнетиканың, фармакоэкономиканың және дәрілердің өзара әсерлесуінің, дәрілердің жағымсыз әсерлері туралы дәлелді медицинаның ұстанымдары негізіндегі білімдерін ескере отырып, барынша әсері жоғары және қауіпсіз дәрілік құралдарды немесе оларды қиыстырудың әдіснамасын үйрету.			
<b>5.</b>	<b>Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)</b>		
1ОН	<b>Білімі мен түсінігі</b> Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, олардың жанама реакциялары, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсетеді. Ол дәрілік заттардың классификациясы мен номенклатурасына бағыттала алады.		
2ОН	<b>Білім мен түсінікті қолдану</b> Дәрілерді таңдайды, дәрі-дәрмектерге рецепт жазады, мөлшерлеу режимін анықтайды.		
3ОН	<b>Білім мен түсінікті қолдану</b> Дәрілердің жағымсыз әсерін таниды, дәрілік құралдардың жанама әсерлерінің алдын-алуды және түзетуді жүзеге асырады Дәрілердің уытты әсер ету мүмкіндігін бағалайды		
4ОН	<b>Тұжырымды қалыптастыру</b> Фармакологиялық топтардағы, буындардағы (генерациядағы) дәрілерді салыстыра алады		
5ОН	<b>Тұжырымды қалыптастыру</b> Дәйектемелерді тұжырымдайды, дәрілік заттардың өзара әсерлесуін бағалайды		
6ОН	<b>Қарым-қатынас дағдылары</b> Мамандар мен мамандандырылмаған адамдарға дәрі-дәрмектер туралы ақпараттар, идеялар, проблемалық шешімдер ұсынады		
7ОН	<b>Оқуға қабілеттілік</b>		

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/
«Фармакология-2» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)	16 беттің 2 беті

	Дәрі-дәрмектер туралы деректерге дәлелді медицина базасында іздеу жасайды және интерпретациялайды	
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері
	1ОН 2ОН 3ОН 4 ОН 5 ОН	ОН - 7 Дәрілік заттарды тиісті пайдалану ережелерін: дәрілік заттарды тағайындау, кәсіби кеңес беру, дәрілік заттардың артықшылықтары, қауіптері және ықтимал қарсы көрсетілімдері туралы аса маңызды ақпаратты ұсынуды меңгерген
	6 ОН	ОН - 11 Өмір бойы білім алуға бейімді, кәсіби құзыреттілікті дамыту үшін ғылымдағы, фармациядағы және денсаулық сақтаудағы тұрақты өзгерістер негізінде үздіксіз кәсіби дамудың жеке жоспарын дамыту траекториясын тандайды.
	7 ОН	ОН - 12 Аналитикалық және зерттеу жұмысының дағдыларын дамыту үшін ғылыми білімді қолданады, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тиімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ететін зерттеулер жүргізуге қабілетті

**6. Пән туралы толық ақпарат**

6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы, Аль-Фараби алаңы 1, 4-ші қабат аудитория № 401,402,403. Телефон (АТС) 40-82-06, ішкі 227					
6.2	Сағаттарының саны	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт.сабақ	БӨЖ	ОБӨЖ
		10	40	-	85	15

**7. Оқытушылар туралы мәліметтер**

№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі
1	Тоқсанбаева Жанат Садебековна	ф.ғ.к., профессор м.а., кафедра меңгерушісі	zhanat_2701@mail.ru
2	Ибрагимова Айгуль Гаффаровна	доцент м.атқарушы ф.ғ.к.	aygul_ibr@mail.ru
3	Абуова Гульнара Турганбаевн	доцент м.атқарушы б.ғ.к.	abuova@mail.ru
4	Корғанбаева Зауре Сарыбаевна	доцент м.атқарушы б.ғ.к.	Korganbaeva055mail.ru
5	Сырманова Нургуль Рахмановна	аға оқытушы, мед.ғыл.магистрі	n_rakchman@mail.ru

**8. Тақырыптық жоспар**

Апта/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	ОН	Сағат пәннің ОН саны	Оқыту технологиясының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	Дәріс. Тірек-қимыл аппаратының функциясына әсер ететін заттар.	Тірек-қимыл аппаратының қызметіне әсер ететін дәрі-дәрмектердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Тірек-қимыл аппаратының функциясына	Тірек-қимыл аппаратының қызметіне әсер ететін дәрі-дәрмектердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Препараттардың	ОН 1 ОН 2	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, тест сұрақтарын орындау

	әсер ететін заттар.	салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері				
	ОБӨЖ. БӨЖ тапсырмасы. Шеміршек тіндегі метаболизмге әсер ететін заттар. Хондропротекторлар	Шеміршек тіндегі метаболизмге әсер ететін препараттардың фармакологиялық сипаттамасы. Қолдану көрсеткіштері. Аралас дәрілік препараттар (хондроксид).	ОН 6 ОН 7	7	Презентация қорғау, рецепттер жазу	Презентация, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру
2	Дәріс. Тыныс алу жүйесіне әсер ететін дәрілер.	Тыныс алу органдарының қызметіне әсер ететін заттарды жіктеу. Әсер ету механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Жөтелге қарсы дәрілер.	Жөтелге қарсы дәрілер. Орталық және шеткергі әсер ететін заттар. Қолдану көрсеткіштері. Наркотикалық белсенділігі бар жөтелге қарсы заттарды қолдану кезінде дәрілік тәуелділікті дамыту мүмкіндігі. Педиатриялық практикада жөтелге қарсы дәрілерді қолдану қауіпсіздігі.	ОН 1	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецепттер жазу
	ОБӨЖ. БӨЖ тапсырмасы Бұлшық еттердің түйілуінде қолданылатын препараттар.	Бұлшық еттердің түйілуінде қолданылатын препараттар. Препараттардың фармакологиялық сипаттамасы. Бұлшықет тонуына әсері. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері.	ОН 6 ОН 7	7	Презентация қорғау, рецепт жазу	Презентация, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру
3	Тәжірибелік сабақ. Қақырық айдайтын дәрілер.	Қақырық айдайтын препараттардың негізгі механизмдері. Салыстырмалы сипаттамасы. Препараттардың әсер ету ерекшеліктері. Қолдану	ОН 2 ОН 3 ОН 4	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецепттер жазу

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/
«Фармакология-2» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)	16 беттің 4 беті

		көрсеткіштері. Жанама әсерлері.				
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы Тынысты қуаттандыратын дәрілер	Жіктелуі. Әсер ету механизмі, орталық және аралас типтегі тыныс алу стимуляторлары. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері.	ОН 6 ОН 7	6	Презентация қорғау, рецепт жазу	Презентация, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру
4	Дәріс. Бронх демікпесінде қолданылатын дәрілер.	Жіктелуі. Бронхоспазмды жою үшін қолданылатын препараттардың негізгі әсерлері, әсер ету механизмі, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері,	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Бронх демікпесі және өкпе ісінуінде қолданылатын дәрілер.	Жіктелуі. Негізгі әсерлері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері, бронхоспазмда қолданылатын препараттардың әсер ету механизмі. Өкпе ісінуі. Өкпе ісінуінде қолданылатын дәрілер тобы.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы Бронхоспазмда қолданылатын, лейкотриен жүйесіне әсер ететін препараттар.	Бронхоспазмда қолданылатын, лейкотриен жүйесіне әсер ететін препараттар. бронхоспазм кезінде қолданылатын препараттардың негізгі топтары. Препараттардың фармакологиялық сипаттамасы.	ОН 6 ОН 7	7	Презентация қорғау, рецепт жазу	Презентация, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру
5	Дәріс. Жүрек-қан тамыр жүйесінің функциясына әсер ететін заттар. Антиангиналды дәрілер	Дәрілердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық эффектілері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама эффектілері, қарсы көрсеткіштері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолдануы.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ.	Жүректің ишемиялық ауруы туралы түсінік.	ОН 2 ОН 3	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын

	Антиангиналды дәрілер	Стенокардия және миокард инфарктісі. Органикалық нитраттар тобынан антиангинальді дәрілер. Кальций антагонистері тобының дәрілері. Адреноблокаторлар. Калий арналарын активаторлардың тобының дәрілері. Препараттардың фармакологиялық сипаттамасы.	ОН 4			есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы Ми қан айналымының бұзылуында қолданылатын дәрілер.	1. Ми тініндегі қан ағымын және метаболикалық процестерді жақсартатын дәрілер. Ми тамырларына басым әсер ететін кальций арналарын блокаторлар. Ми қан айналымының бұзылуында ноотропиктерді қолдану, олардың мидағы метаболикалық процестерге әсері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы, ықтимал жанама әсерлері. Аралас препараттар.	ОН 6 ОН 7	7	Презентация қорғау, рецепт жазу	Презентация, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру
6	Тәжірибелік сабақ. Кардиотоникалық заттар.	Жіктелуі. Негізгі әсерлер, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. БӨЖ тапсырмасы Аритмияға қарсы дәрілер	Антиаритмиялық дәрілердің жіктелуі. Препараттардың фармакологиялық сипаттамасы. Тахиаритмия және экстрасистолияда қолданылатын дәрілер.	ОН 6 ОН 7	7	Презентация қорғау, рецепт жазу	Презентация, рецептер жазу, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру
7	Дәріс. Жүрек-қан тамыр жүйесінің функциясына әсер ететін заттар. Антигипертензивті дәрілер.	Жіктелуі. Негізгі әсерлер, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік	Гипертония туралы түсінік,	ОН 2	3	Кіші топтарда	Ауызша сұрау,

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/
«Фармакология-2» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)	16 беттің 6 беті

	сабақ. Антигипертензивті заттар. Антиатеросклеротикалық дәрілер.	гипертониялық криз. Нейротропты антигипертензивті дәрілер. Ангиотензин айналдырушы фермент ингибиторлары тобынан антигипертензивті дәрілер. Кальций антагонистері тобының препараттары. Антиатеросклеротикалық дәрілер. Препараттардың фармакологиялық сипаттамасы. Су-электролит балансына әсер ететін дәрілер	ОН 3 ОН 4		жұмыс	дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. "Тірек-қимыл аппаратының, тыныс алу, жүрек-қан тамыр жүйелерінің функциясына әсер ететін дәрілер" тақырыбындағы аралық бақылау	Билет бойынша бағдарламаланған бақылау сұрақтарына жауап беру	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 7	1	Билеттер	Жазбаша және ауызша жауап
8	Дәріс. Ас қорыту жүйесінің қызметіне әсер ететін дәрілер	Жіктелуі. Негізгі әсерлері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Асқазанның ас қорыту бездерінің секреторлық функциясына әсер ететін дәрілер. Антацидтік және антисекреторлық дәрілер. Гастропротекторлар.	Антацидтік және антисекреторлық дәрілер. Гастропротекторлар. Жіктелуі. Негізгі әсерлер, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлер, қарсы көрсеткіштері. Орын басу терапиясында қолданылатын препараттар.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы Семіруде қолданылатын дәрілер.	1. Жіктелуі. Анорексигенді дәрілер. Липолизді және термогенезді ынталандыратын дәрілер. Ас қорыту жолындағы майлардың сіңуін бұзатын	ОН 6 ОН 7	6	Презентация қорғау, рецепт жазу	Презентация, рецептер жазу, тақырып бойынша глоссариилер, тест

	2. БӨЖ тапсырмасы Ұйқы безінің жұмысы бұзылғанда қолданылатын дәрілер. Ферменттік және антиферменттік препараттар.	дәрілер. Органолептикалық қасиеттері бойынша майларды алмастыратын құралдар. Қантты алмастыратын өнімдер. 2. Алмастыратын терапия құралдары. Аралас препараттар. Қолдану көрсеткіштері. Протеолиз ингибиторлары. Жедел панкреатит кезінде протеолиз тежегіштері мен атропин тәрізді дәрілерді қолдану				тапсырмалары н құрастыру
9	Тәжірибелік сабақ. Ішек моторикасына әсер ететін дәрілер. Құсу және құсуға қарсы заттар. Іш жүргізетін және диареяға қарсы дәрілер.	Жіктелуі. Препараттардың әсер ету механизмі. Жеке препараттардың салыстырмалы сипаттамасы. Қолдану көрсеткіштері, тағайындау ерекшеліктері. Болуы мүмкін жанама әсерлер.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы Өт айдайтын дәрілер 2. БӨЖ тапсырмасы Холелитолитиктер	1. Өт айдайтын дәрілер. Жіктелуі. Әсер ету механизмі және препараттардың салыстырмалы сипаттамасы. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері. 2. Холелитолитиктер. Әсер ету механизмі. Холелитолитиктердің қолданылуы, жанама әсерлері.	ОН 6 ОН 7	6	Презентация қорғау, рецепт жазу	Презентация, рецептер жазу, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмалары н құрастыру
10	Дәріс. Зәр шығару жүйесінің функциясына әсер ететін дәрілер (диуретиктер)	Жіктелуі. Негізгі әсерлері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Зәр шығару жүйесінің функциясына әсер ететін	Несеп айдайтын дәрілер. Әсер ету механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама	ОН 2 ОН 3 ОН 4	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

	дәрілер (диуретиктер)	әсерлері.				
	ОБӨЖ. 1.БӨЖ тапсырмасы Подаграға қарсы дәрілер 2. БӨЖ тапсырмасы Зәр шығару конкременттерін шығару үшін қолданылатын дәрілер.	1.Жіктелуі. Әсер ету механизмі және препараттардың салыстырмалы сипаттамасы. Подаграға қарсы дәрілердің болуы мүмкін жанама әсерлері. 2.Зәрдегі қышқылдың пайда болуын тежейтін және олардың шығарылуын күшейтетін препараттар (урикозикалық дәрілер). Дәрілік заттардың салыстырмалы сипаттамасы, дәрілердің қолдануы. Бүйрек шаншуын тоқтатуға арналған дәрі-дәрмектер. Тастарды ерітуге және пайда болуының алдын алуға арналған құралдар. Антибактериалды препараттар. Қолдану көрсеткіштері .	ОН 6 ОН 7	6	Презентация корғау, рецепт жазу	Презентация, рецептер жазу, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру
11	Дәріс. Эндокриндік жүйенің қызметіне әсер ететін дәрілер.	Жіктелуі. Негізгі әсерлері және негізгі қолдану көрсеткіштері	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Эндокриндік жүйенің функциясына әсер ететін құралдар. Ақуыздық, полипептидтік құрылымды гормондық препараттар және амин қышқылдарының туындылары, олардың синтетикалық алмастырғыштары мен	Препараттардың жіктелуі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері. Қолдануға қарсы көрсеткіштер. Ақуыздық, полипептидтік құрылымды гормондық препараттар және амин қышқылдарының туындылары, олардың синтетикалық алмастырғыштары мен антагонистері.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу



	антагонистері.					
	ОБӨЖ. 1.БӨЖ тапсырмасы Қалқанша безінің гормондық препараттары. Антитиреоидты препараттар. 2.БӨЖ тапсырмасы Инсулин препараттары. Ішуге арналған диабетке қарсы дәрілер.	1.Қалқанша безі препараттарының жіктелуі. жіктелуі. Препараттардың әсер ету ерекшеліктері. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері. 2. Ішуге арналған диабетке қарсы дәрілер. Жіктелуі, жанама әсерлері	ОН 6 ОН 7	6	Презентация корғау, рецепт жазу	Презентация, рецептер жазу, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру
12	Тәжірибелік сабақ. Бүйрек үсті безінің гормондық препараттары	Жіктелуі. Минерокортикоидтарды негізгі фармакологиялық әсері мен қолдану көрсеткіштері. Глюкокортикостероидтардың зат алмасуға әсері. Негізгі фармакологиялық әсерлері. Бүйрек үсті безінің гормондық препараттарының қолданылуы. Ритмді ескере отырып, мөлшерлеу принципі. Жанама әсерлері	ОН 2 ОН 3 ОН 4	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. 1.БӨЖ тапсырмасы Миометрияға әсер ететін дәрілер. 1.БӨЖ тапсырмасы Анаболикалық стероидтар	1.Препараттардың негізгі әсер ету механизмдері. Салыстырмалы сипаттамасы. Препараттардың әсер ету ерекшеліктері. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері. 2. Анаболикалық стероидтар. Фармакологиялық сипаттамасы. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері .	ОН 6 ОН 7	6	Презентация корғау, рецепт жазу	Презентация, рецептер жазу, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру
13	Дәріс. Қан жүйесіне әсер ететін дәрілер.	Дәрілердің жіктелуі. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық эффектілері. Препараттардың салыстырмалы	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback

		сипаттамасы және колдануы				
	Тәжірибелік сабақ. Эритропоэзге әсер ететін дәрілер. Лейкопоэзге әсер ететін дәрілер	Эритропоэзді ынталандыратын дәрілер. Жіктелуі. Эритропоэзді басатын дәрілер. Фармакологиялық қасиеттері. Лейкопоэзге әсер ететін дәрілер Лейкопоэзді тежейтін дәрілер.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. 1. Антиацидотикалық дәрілер. Алкалозды түзету үшін қолданылатын дәрілер 2. Витаминдік және коферментті препараттар.	1. Организмдегі қышқыл-негіздік күйін және иондық тепе-теңдікті түзету үшін қолданылатын препараттар. Метаболикалық алкалозды жоюға арналған препараттар. 2. Суда еритін дәрумендер мен коферменттер, майда еритін дәрумен препараттары. Суда еритін және майда еритін дәрумендерді қолдану. Болуы мүмкін жанама әсерлері.	ОН 6 ОН 7	6	Презентация қорғау, рецепт жазу	Презентация, рецептер жазу, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру
14	Дәріс. Қан жүйесіне әсер ететін дәрілер.	Қанның реологиялық қасиеттеріне әсер ететін дәрілер. Қан жүйесіне әсер ететін препараттардың жіктелуі.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Қанның реологиялық қасиеттеріне әсер ететін дәрілер.	Антикоагулянттар. Антиагреганттар. Фибринолитиктер. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері. Қолдануға қарама қарсы көрсеткіштер.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. 1. БӨЖ тапсырмасы Плазма алмастырғыш және дезинтоксикациялық дәрілер. 2. БӨЖ тапсырмасы	1. Плазманы алмастыратын заттар мен парентеральды тамақтануға арналған заттардың жіктелуі. Қолдану көрсеткіштері. 2. Қан тоқтататын дәрілер. Әсер ету механизмі, жанама әсерлер. Жергілікті және жүйелі қолданылатын қан тоқтататын дәрілер.	ОН 6 ОН 7	6	Презентация қорғау, рецепт жазу	Презентация, рецептер жазу, тақырып бойынша глоссариилер, тест тапсырмаларын құрастыру

	Қан тоқтататын дәрілер (Гемостатиктер)					
15	Тәжірибелік сабақ. Дәрілермен жіті улануды емдеудің негізгі принциптері.	Жедел улану. Дәрілермен жедел улануды емдеу принциптері. Уланудың жолдары.	ОН 2 ОН 3 ОН 4	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу
	ОБӨЖ. «Асқорыту, зәр шығару жүйесіне, жүрек-қан тамыр жүйесіне және эндокринді жүйеге әсер ететін дәрілер» бойынша аралық бақылау	Билет бойынша бағдарламаланған бақылау сұрақтарына жауап беру	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 7	1	Билеттер	Жазбаша және ауызша жауап
	<b>Сағат саны</b>			<b>135</b>		
	<b>Аралық аттестацияға дайындық және жүргізу</b>			<b>15</b>		
	<b>Пәннің жалпы сағат саны</b>			<b>150</b>		
<b>9.</b>	<b>Оқыту және сабақ беру әдістері</b>					
9.1	Дәріс	шолу; дәріс-презентация немесе мәтіндік материал түріндегі шолу дәрісі.				
9.2	Тәжірибелік сабақ	шағын топтарда жұмыс.				
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	презентация, рецептер жазу, тақырып бойынша тест тапсырмаларын құрастыру өзіндік жұмысты тапсыру кестесіне сай.				
9.3.1	Жобалық жұмыс	жобалық жұмыс: Қазақстанның оңтүстігінде өсетін дәрілік өсімдіктердің фармакологиялық қасиеттерін зерттеу				
9.4	Аралық бақылау	жазбаша және ауызша жауап (пән сұрақтары бойынша билеттер); жобалық бағытта оқытуға қатысатын білім алушылар үшін жоба бойынша аралық есеп ( №1 аралық бақылау), толық есеп (№2 аралық бақылау);				
<b>10.</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>					
<b>10.1</b>	<b>Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері</b>					
<b>ОН №</b>	<b>Оқыту Нәтижелері</b>	<b>Қанағаттанарлықсыз</b>	<b>Қанағатт анарлық</b>	<b>Жақсы</b>	<b>Өте жақсы</b>	
ОН1	Дәрілік заттардың фармакокинети қасы мен	1) Дәрілік заттардың жіктелуі мен номенклатурасына бағыттала алмайды.	1) Дәрілік заттардың жіктелуі мен	1) Дәрілік құралдың фармакологиялық және терапиялық	1) Дәрілік заттардың әр түрлі жіктелуі мен	



<p>фармакодинамикасы, олардың жанама реакциялары, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсетеді. Ол дәрілік заттардың классификациясы мен номенклатурасына бағыттала алады.</p>	<p>2) Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, олардың жанама реакциялары, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсетпейді.</p>	<p>номенклатурасына бағыттала алмайды. 2) Дәрілерді қолдану бойынша нұсқаулар мен анықтамалық материалдар бойынша фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, жанама әсерлері, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсетпейді.</p>	<p>тобын анықтайды. 2) Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады. 3) Жеке топтардағы дәрілік құралдарының болуы мүмкін жанама әсерлері туралы ескертеді. 4) Жеке топтардағы дәрілік құралдарының өзара әсерлесуі туралы ескертеді.</p>	<p>номенклатурасына бағыттала алады. 2) Дәрілік құралдың фармакологиялық және терапиялық тобын анықтайды. 3) Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, жанама әсерлері, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады. 4) Дәрілердің болуы мүмкін жанама әсерлерін тани алады және жанама әсерлердің алдын алу мен түзету жолдарын біледі. 5) Дәрілердің ұйытты әсерлерінің болуы мүмкіндігін бағалайды. 6) Дәрілік заттарды</p>
---	---	---	--	--

					фармакологиялық топтарда, генерацияларда (буындарында) фармакокинетикалық және фармакодинамикалық параметрлері бойынша салыстырады.
ОН2	Дәрілерді таңдайды, дәрі-дәрмектерге рецепт жазады, мөлшерлеу режимін анықтайды.	1) Дәрілік заттардың жалпы фармакологиялық тобын анықтайды. 2) Рецептті қателіктермен жазады	1) Дәрілік заттардың фармакологиялық тобын мүшелермен жүйелер бойынша таңдайды 2) Анықтамалық әдебиетте рді/көздерді пайдалана отырып рецепт жазады	1) Ең жиі кездесетін ауруларды емдеу және алдын алу үшін дәрілік құралдарды таңдайды. 2) Берілген дәріге рецептті қатесіз жазады. Препараттың дозасын есептейді.	1) Қолдану көрсеткіштері не, қарама қарсы көрсеткіштері не және жанама әсерлеріне қарай әртүрлі фармакологиялық топтардан дәрілерді таңдайды. 2) Жасына, жынысына, функционалдық ерекшеліктеріне қарай ең қолайлы дәрілік препаратқа рецепт жазады. 3) Әртүрлі әдістермен дозаларды есептеуді жүзеге асырады және препаратты қолдану жиілігі мен

					ұзақтығын анықтайды.
ОН3	Дәрілердің жағымсыз әсерін таниды, дәрілік құралдардың жанама әсерлерінің алдын-алуды және түзетуді жүзеге асырады Дәрілердің уытты әсер ету мүмкіндігін бағалайды	1) Дәрілердің жанама әсерлерін анықтамайды.	1) Дәрілік құралдардың жанама әсерлерін тек анықтамалық материал негізінде анықтайды.	1) Фармакологиялық топқа байланысты дәрілік заттардың жағымсыз әсерін таниды	1) Дәрілік құралдардың жағымсыз әсерлерін таниды, жанама әсерлерінің алдын алады және түзетеді.. Дәрілердің уытты әсер ету мүмкіндігін бағалайды
ОН4	Фармакологиялық топтардағы, буындардағы (генерациядағы) дәрілерді салыстыра алады	1) Дәрілік құралдардың фармакологиялық топтарында бағытталма алмайды.	1) Дәрілік құралдардың тек анықтамалық материал негізінде салыстырады.	1) Дәрілік құралдардың жекелеген топтары мен топшаларындағы дәрілерге салыстырмалы фармакологиялық сипаттама береді.	3) Ең тиімді және қауіпсіз препаратты таңдау үшін әртүрлі фармакологиялық топтардағы, топшалардағы, буындардағы дәрілердің фармакокинетикалық және фармакодинамикалық көрсеткіштерін, фармакологиялық қасиеттерін салыстырады, талдайды.
ОН5	Дәйектемелерді тұжырымдайды, дәрілік заттардың өзара әсерлесуін бағалайды	1) Дәрілік заттардың өзара әсерлесуі туралы алынған ақпаратты пайдалана алмайды.	1) Мамандармен маман еместерге кеңес беру үшін	1) Дәрілік заттардың бір-бірімен, азық-түлікпен, дәрілік өсімдіктермен және т.б. мүмкін өзара	1) Аргументтерді тұжырымдайды, дәрілік препараттардың болуы

			әртүрлі көздерден дәрілік заттардың болуы мүмкін өзара әсерлесулері туралы ақпаратты жинайды.	әсерлесулері туралы ақпарат көздерінен мамандар мен маман емес тұрғындарға кәсіби кеңес беру үшін ақпарат жинайды.	мүмкін өзара, тағаммен, дәрілік өсімдіктермен әсерлесуін бағалайды.
ОН6	Мамандар мен мамандандырылмаған адамдарға дәрі-дәрмектер туралы ақпараттар, идеялар, проблемалық шешімдер ұсынады	1) Дәрілік заттар бойынша алынған ақпаратты тұрғындарға және денсаулық сақтау саласының мамандарына кеңес беру үшін пайдалана алмайды.	1) Мамандарға және маман еместерге жеткізу үшін әртүрлі ақпарат көздерінен дәрілік заттар туралы ақпаратты жинайды.	1) Мамандар мен маман емес тұрғындарға кәсіби кеңес беру үшін әртүрлі ақпарат көздерінен дәрілік заттар туралы ақпарат жинайды.	1) Дәрілік заттар туралы ақпаратты талдайды
ОН7	Дәрі-дәрмектер туралы деректерге дәлелді медицина базасында іздеу жасайды және интерпретациялайды	1) Дәрі-дәрмектер бойынша дәлелді медицина базасында жұмыс істеу дағдысы жоқ.	1) Дәрілік құралдар бойынша анықтамалық дереккөз қорынан ақпаратты іздейді.	1) Дәлелді медицина принциптеріне негізделген, халықаралық дәрі-дәрмектер туралы базадан ақпаратты іздейді.	1) Дәлелді медицина принциптерін негізделген, халықаралық дәрі-дәрмектер туралы базадан ақпаратты іздейді және интерпретациялайды.
<b>Практикалық сабаққа арналған тексеру парағы</b>					
<b>Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу</b>					
Ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Жұмысқа белсенді қатысты, бұл кезде ерекше ойлау қабілетін танытты, материалды терең меңгергенін көрсетті, талқылау кезінде басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды. Жасына, жынысына, функционалдық			

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		044-41/ 16 беттің 16 беті
«Фармакология-2» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		

		ерекшеліктеріне қарай ең қолайлы дәрілік формада дәрілік препараттарға рецепт жазады. Өртүрлі әдістермен дозаларды есептеуді жүзеге асырады және препаратты қолдану жиілігі мен ұзақтығын анықтайды.
Жақсы B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)		Жұмысқа белсенді қатысты, материалдық білімін көрсетті, студенттің өзімен жөнделінген ұстанымсыз қателіктер немесе ұстанымды қателер жіберді. Дәрілік препараттарға рецепт жазады. Дозаларды есептеуді жүзеге асырады.
Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,33; 55-59%) D- (1,0; 50-54%)		Топтың жұмысында пассивті болды, әлсіз және ұстанымсыз қателер жіберді, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтар сезінді. Анықтамалық әдебиеттерді/көздерді пайдалана отырып рецепт жазады.
Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) бағасына сәйкес келеді		Оқытушының сұрақтарына жауап бере отырып, топтың жұмысына қатысқан жоқ, ұстанымсыз қателер мен дәлсіздіктер жіберді, жауап бергенде ғылыми терминологияны қолданбайды. Рецептті қателермен жазады.

### БӨЖ ге арналған бағалау парағы

#### Тақырыптың презентациясы

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критерийлері
Тақырыптың презентациясы	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%);	Презентация белгіленген мерзімде өздігімен орындалды. 3-тен төмен емес әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнды және тиімді. Қорғау кезінде автор тақырып бойынша терең білімдерін танытты. Талқылау уақытында сұрақтарға жауап бергенде қателер жібермейді.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	Презентация белгіленген мерзімде өздігімен орындалды. 3-тен төмен емес әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнды және тиімді. Қорғау кезінде автор тақырып бойынша жақсы білімдерін танытты. Өзі жөндей отырып, сұрақтарға жауап бергенде ұстанымсыз қателер жібереді.
	Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,33; 55-59%) D- (1,0; 50-54%)	Презентация белгіленген мерзімде өздігімен орындалды. 3-тен төмен емес әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнсыз. Қорғау кезінде автор сұрақтарға жауап бергенде ұстанымды қателер жібереді.
	Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) бағасына сәйкес келеді	Презентация белгіленген уақытта тапсырылмады. 3-тен төмен әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнсыз. Қорғау кезінде автор сұрақтарға жауап бергенде қатаң



		қателер жібереді. Өзінің материалында жетік білмейді.
<b>Тестілік тапсырмаларын дайындау</b>		
Тестілік тапсырмаларын дайындау	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%);	Тестілік тапсырмаларды 10-нан төмен емес сұрақтар бар. Белгіленген мерзімде тапсырмалар нақты, дәл, түсінікті құрастырылған. Жауаптардың варианттары біртегі және адекватты. Алгоритм жауаптары бар. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	Тестілік тапсырмаларды 10-нан төмен емес сұрақтар бар. Белгіленген мерзімде тапсырмалар нақты, дәл, түсінікті құрастырылған. Жауаптардың варианттары біртегі емес. Жауаптардың алгоритмі бар. Дұрыс жауаптары дұрыс берілген.
	Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,33; 55-59%) D- (1,0; 50-54%)	Тестілік тапсырмаларда 10- нан төмен емес сұрақтар бар. Белгіленген мерзімде тапсырылмаған. Тестінің негізгі мазмұнды емес. Нақты, дәл, түсінікті емес құрастырылған тестілік тапсырмалар бар. Жауаптардың варианттары біртегі емес. Жауаптардың алгоритмі бар. Бірқатар жауаптар дұрыс белгіленбеген.
	Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) бағасына сәйкес келеді	Тестілік тапсырмаларда 10- нан төмен емес сұрақтар бар.Текстің негізі мазмұнды емес, сұрақтың қойылуы нақты емес. Жауаптардың варианттары біртегі емес. Жауаптардың алгоритмі жоқ. Дұрыс жауаптың 50%- дан көбі дұрыс берілмеген.
<b>Аралық аттестаттау</b>		
Жазбаша жауап	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%);	Студент жауап беру кезінде қате жібермеген, пәннің ғылыми терминологиясын қолдануды білген жағдайда қойылады. Дәрілік заттардың фармакологиялық классификациясы мен номенклатурасына бағдарланған. Дәрілік заттардың фармакологиялық сипаттамасын береді. Дәрілік заттарды фармакокинетикалық, фармакодинамикалық көрсеткіштері бойынша фармакологиялық топтарда, ұрпақтарда (ұрпақтарда) салыстырады. Дәрілерге рецепт жазады.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	Студент жауап беру кезінде қате жібермеген, пәннің ғылыми терминологиясын қолдануды білген жағдайда қойылады. Дәрілік заттардың фармакологиялық классификациясы мен номенклатурасына бағдарланған. Дәрілік заттардың толық емес фармакологиялық сипаттамасын береді. Фармакокинетикалық, фармакодинамикалық параметрлері бойынша фармакологиялық топтардағы, ұрпақтардағы (ұрпақтардағы) препараттарды салыстырмайды. Дәрілерге рецепт жазады.
	Қанағаттанарлық	Студент жауап беру кезінде көп қате жібермеген,

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/
«Фармакология-2» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)	16 беттің 18 беті

	С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) D+ (1,33; 55-59%) D- (1,0; 50-54%)	пәннің ғылыми терминологиясын қолдануды білмеген жағдайда қойылады. Дәрілік заттардың фармакологиялық классификациясы мен номенклатурасында бағдарланбаған. Дәрілік заттардың толық емес фармакологиялық сипаттамасын береді. Фармакокинетикалық, фармакодинамикалық параметрлері бойынша фармакологиялық топтардағы, ұрпақтардағы (ұрпақтардағы) препараттарды салыстырмайды. Қателері бар дәрілерге рецепт жазады.
	Қанағаттанарлықсыз FX (0.5; 25-49%) F (0; 0-24%) бағасына сәйкес келеді	Студент жауап беру кезінде түбегейлі қателіктер жіберген, пәннің ғылыми терминологиясын қолдануды білмеген, өрескел стильдік және логикалық қателермен жауап берген жағдайда қойылады. Дәрілік заттардың фармакологиялық классификациясы мен номенклатурасында бағдарланбаған. Дәрілік заттардың фармакологиялық сипаттамаларын қамтамасыз етпейді. Фармакокинетикалық, фармакодинамикалық параметрлері бойынша фармакологиялық топтардағы, ұрпақтардағы (ұрпақтардағы) препараттарды салыстырмайды. Дәрілерге рецепт жазбайды.

**Жобалық жұмысты бағалау критерийлері**

**«Мақсат қою және жобаны жоспарлау» критерийі**

Мақсат қойылмаған	қанағат-сыз 0-49%
Мақсат қойылған, бірақ оған жету жоспары жоқ	қанағат. 50-69%
Мақсат қойылған, негізделген, оған жетудің жүйелі жоспары берілген	жақсы 70-89%
Мақсат қойылған, айқын негізделген, оған жетудің толық жоспары берілген	өте жақсы 90-100%

**«Жобаның мәселелерін анықтау және негіздеме беру» критерийі**

Жоба мәселесі анықталмаған	қанағат-сыз 0-49%
Жоба мәселесін қалыптастыру үстірт сипатқа ие	қанағат. 50-69%
Жоба мәселесі толық анықталған және негізделген	жақсы 70-89%
Жоба мәселесі толық анықталған, негізделген және терең мағыналы сипатқа ие	өте жақсы 90-100%

**«Қолданылған ақпараттар көзінің әр түрлілігі» критерийі**

Жобаның тақырыбы мен мақсатына сай емес ақпарат қолданылған	қанағат-сыз 0-49%
Берілген ақпараттың басым бөлігі жұмыс тақырыбын қамтымайды	қанағат. 50-69%
Жұмыста бір типті ақпарат көздерінің шектеулі сандарынан сай ақпараттардың аз ғана көлемі берілген	жақсы 70-89%
Жұмыста әртүрлі ақпарат көздерінен толық жеткілікті ақпарат берілген	өте жақсы 90-100%

**«Жоба тақырыбын ашу деңгейі» критерийі**

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/
«Фармакология-2» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)	16 беттің 19 беті

Жоба тақырыбы ашылмаған	қанағат-сыз 0-49%
Жоба тақырыбының белгілі бір фрагменттері ғана ашылған	қанағат. 50-69%
Жоба тақырыбы ашылған, автор тақырып бойынша білімнің оқытылып отырған пәннің жұмыс бағдарламасы аясында екенін көрсетті	жақсы 70-89%
Жоба тақырыбы толық ашылған, автор оқытылып отырған жұмыс бағдарламасы аясына кіретін терең білімін көрсетті	өте жақсы 90-100%
<b>«Жұмыстың жүру жағдайы және алынған нәтижелердің, қорытындылардың талдауы» критерийі</b>	
Жұмыстың жүру барысы мен нәтижелерін талдауға қадам жасалмаған	қанағат-сыз 0-49%
Талдау жұмыстың жүру барысы мен тәртібін қысқаша сипаттаумен алмастырылған	қанағат. 50-69%
Жобада берілген мақсатқа жету бойынша жасалған жұмыстың толық нәтижесі ұсынылды	жақсы 70-89%
Жұмыстың алынған нәтижесі бойынша толық талдау ұсынылды, қажетті қорытындылар жасалды, жұмыстың болашағы атап өтілді	өте жақсы 90-100%
<b>«Мақсатқа жету және жоба мазмұнының сәйкестігі» критерийі</b>	
Жобада берілген мақсат орындалған жоқ	қанағат-сыз 0-49%
Қолданылатын жұмыс әдістерінің кейбір бөлігі жобаның тақырыбы мен мақсатына сәйкес келмейді	қанағат. 50-69%
Қолданылатын жұмыс әдістері жобаның тақырыбы мен мақсатына сәйкес келеді, бірақ жеткіліксіз	жақсы 70-89%
Қолданылатын жұмыс әдістері жеткілікті, дұрыс және тиімді қолданылған, жоба мақсаты орындалған	өте жақсы 90-100%
<b>«Тұлғалық қатысу, жұмысқа шығармашылық ықпал» критерийі</b>	
Жұмыс автордың формальды көзқарасын көрсететін шаблон	қанағат-сыз 0-49%
Автор жоба тақырыбына аз қызығушылық танытты, бірақ жұмыста дербестік танытпады, шығармашылық тәсілдің мүмкіндіктерін пайдаланбады	қанағат. 50-69%
Жұмыс өзіндік, толық қатысу жеткіліксіз, жоба тақырыбына жеке көзқарасын көрсетуге тырысты, шығармашылық элементтері қолданылды	жақсы 70-89%
Жұмыс шығармашылық көзқараспен, толық қатысумен және жоба идеясына автордың өзіндік көзқарасымен ерекшеленеді	өте жақсы 90-100%
<b>«Жазбаша бөлігін безендіру талаптарының сәйкестігі» критерийі (максимум 3 балл)</b>	

Жобаның жазбаша бөлігі талапқа сай емес, жұмыстың барлық бөлімдері ашылмаған және жұмыс уақытында ұсынылмаған	қанағат-сыз 0-49%		
Жұмыстың жазбаша бөлігінде барлық бөлімдер ішінара ашылған, принципиялды қателер бар	қанағат. 50-69%		
Жұмыста қателіктер, дұрыс емес тұжырымдар бар	жақсы 70-89%		
Жұмыста толық көрсетілген: тақырыптың өзектілігі, жаңалығы мен практикалық маңыздылығы, қорытындылары, ұсыныстары, мәселені шешу және жұмысты аяқтау деңгейі, оның тұжырымдалуының дұрыстығы, автордың ғылыми әдебиеттермен танысуы, талқылаудың тереңдігі, презентация мен жұмыстың сауаттылығы, белгіленген мерзімде орындалуы	өте жақсы 90-100%		
<b>«Презентацияны өткізу сапасы» критерийі (максимум 3 балл)</b>			
Презентацияда және сұрақтарға жауап беруде көптеген принципиялды қателер бар	қанағат-сыз 0-49%		
Презентацияда аздаған қателер мен дәлелсіз ақпарат бар; сұрақтарға жауап бергенде, ішінара принципиялды қателер бар	қанағат. 50-69%		
Презентацияда қателер, дұрыс емес жазбалар, кейбір дұрыс емес тұжырымдар, сұрақтарға дәл жауап бере алмау байқалды	жақсы 70-89%		
Презентацияның безендіру стилі, ақпараттың берілуі, мазмұны, мәтіні бойынша презентация дизайнына қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келеді. Автор сұрақтарға сенімді және нақты жауап береді	өте жақсы 90-100%		
<b>«Соңғы өнім сапасы» критерийі</b>			
Жоба өнімі жоқ	қанағат-сыз 0-49%		
Жоба өнімі сапа талаптарына сай емес (эстетика, қолдану ыңғайлығы, берілген мақсатқа сәйкестігі)	қанағат. 50-69%		
Өнім сапа талаптарына толық жауап бермейді	жақсы 70-89%		
Өнім сапа талаптарына толық сай келеді (эстетикалық, қолдану ыңғайлығы, берілген мақсатқа сәйкестігі)	өте жақсы 90-100%		
<b>Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі</b>			
Әріптік жүйемен бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/
«Фармакология-2» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)	16 беттің 21 беті

С	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
С -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

**11. Оқу ресурстары**

Электронные ресурсы, включая, но не ограничиваясь ими: базы данных, анимации симуляторы, профессиональные блоги, веб-сайты, другие электронные справочные материалы (например: видео, аудио, дайджесты)	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Электронная библиотека ЮКМА - <a href="https://e-lib.skma.edu.kz/genres">https://e-lib.skma.edu.kz/genres</a></li> <li>2. Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – <a href="http://rmebrk.kz/">http://rmebrk.kz/</a></li> <li>3. Цифровая библиотека «Акнурпресс» - <a href="https://www.aknurpress.kz/">https://www.aknurpress.kz/</a></li> <li>4. Электронная библиотека «Эпиграф» - <a href="http://www.elib.kz/">http://www.elib.kz/</a></li> <li>5. Эпиграф - портал мультимедийных учебников <a href="https://mbook.kz/ru/index/">https://mbook.kz/ru/index/</a></li> <li>6. ЭБС IPR SMART <a href="https://www.iprbookshop.ru/auth">https://www.iprbookshop.ru/auth</a></li> <li>7. информационно-правовая система «Заң» - <a href="https://zan.kz/ru">https://zan.kz/ru</a></li> <li>8. Cochrane Library - <a href="https://www.cochranelibrary.com/">https://www.cochranelibrary.com/</a></li> </ol>
Электрондық оқулықтар	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Kharkevitch, D. A. Pharmacology: textbook for medical students / D. A. Kharkevitch. - Электрон. текстовые дан. (83.9Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. Диск</li> <li>2. Фармакология: оқу құралы / ред. бас. Г. М. Пичхадзе = Фармакология : учебное пособие / под ред. Г. М. Пичхадзе. - Электрон. текстовые дан. (43.0Мб). - М. : "Литтерра", 2016.</li> <li>3. Курс лекций по фармакологии для студентов стоматологического факультета. Стикеева Р.Қ., Коранова Т.С. , 2014 <a href="https://aknurpress.kz/reader/web/1384">https://aknurpress.kz/reader/web/1384</a></li> <li>4. Орманов Н.Ж., Сырманова Н.Р., Орманова Л.Н. Жалпы рецептура. Жалпы фармакология-Алматы: Эверо, 2020. <a href="https://elib.kz/ru/search/read_book/743/">https://elib.kz/ru/search/read_book/743/</a></li> <li>5. Стикеева Р.Қ. Фармакология – 1 - учебное пособие. - Р.Қ. Стикеева. - Алматы: Эверо, 2020. <a href="https://elib.kz/ru/search/read_book/2742/">https://elib.kz/ru/search/read_book/2742/</a></li> <li>6. Стикеева Р.Қ. Фармакология-І.- оқу құралы.- Стикеева Р.Қ. – Алматы Эверо.- 2020. <a href="https://elib.kz/ru/search/read_book/2741/">https://elib.kz/ru/search/read_book/2741/</a></li> <li>7. Орманов Н.Ж., Орманова Л.Н. Фармакология-1. Алматы. «Эверо» ЖШС. 2020. <a href="https://elib.kz/ru/search/read_book/735/">https://elib.kz/ru/search/read_book/735/</a></li> <li>8. Орманов Н.Ж., Орманова Л.Н. Фармакология-2. «Эверо» ЖШС. Алматы, 2020. <a href="https://elib.kz/ru/search/read_book/736/">https://elib.kz/ru/search/read_book/736/</a></li> </ol>
Зертханалық физикалық ресурстар	
Арнайы бағдарламалар	
Журналдар (электронды журналдар)	
Әдебиеттер	<p><b>Негізгі әдебиеттер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Фармакология: оқу құралы = Фармакология: учебное пособие / Г. М. Пичхадзе [т.б.]. - М. : "Литтерра", 2016. - 504 бет</li> <li>2. Стикеева Р. Қ. Фармакология-1: оқу құралы / Р. Қ. Стикеева. - Алматы: Эверо, 2016. - 148 бет.с.</li> <li>3. Харкевич Д. А. Основы фармакологии: учебник. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 720 с.</li> <li>4. Аляутдин Р. Н. Фармакология: учебник.- М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014.-704 с.</li> <li>5. Харкевич Д. А. Фармакология: оқулық. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014.-784 бет.</li> <li>6. Рахимов Қ. Д. Фармакология : оқу құралы. - Алматы : ЖШС "Жания-Полиграф", 2014. - 554 бет.с.</li> </ol>

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/
«Фармакология-2» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)	16 беттің 22 беті

7. Орманов, Н. Ж. Фармакология. 1-кітап: оқулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Алматы: Эверо, 2013. - 656 бет.с.

8. Орманов, Н. Ж. Фармакология. 2-кітап : оқулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Алматы: Эверо, 2013. - 512 бет.с.

9. Фармакология: учебник / под ред. Р. Н. Аляутдина. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 832 +эл.

**Ағылшын тілінде**

1. Katzung , Bertram G. Basic and Clinical Pharmacology [Text] : textbook / Katzung Bertram G. - 14 nd ed. - [S. l.] : McGraw-Hill education, 2018. - 1250 p.

2. Goodman and Gilman's , A. The Pharmacological Basis of Therapeutics [Text] : textbook / Goodman & Gilman's A. ; editor L. L. Brunton . - 13 nd ed. - New York : McGraw-Hill Education, 2018. - 1419 p.

3. Whalen Karen Pharmacology : lippincott Illustrated reviews / Karen Whalen ; ed.: Garinda Feild, Rajan Radhakrishnan. - 7th ed. - [s. l.] : Wolters Kluwer, 2019. - 593 p.

**Қосымша әдебиеттер**

1. Фармакология: нұсқаулық = Фармакология : руководство / Г. М. Пичхадзе [т.б.]. - М.: "Литтерра", 2017. - 640 бет с.

2. Машковский М.Д. Лекарственные средства. 16.-е издание. перераб., доп. и испр. М. Новая волна. 2017. – 1216 с.

3. Микробқа қарсы дәрілердің фармакологиясы: оқу құралы /Т. А. Муминов [ж/б.]; қаз. тіл. ауд. Н. М. Малдыбаева.- Алматы : Литер Принт. Казахстан, 2016.-552 бет. с.

4. Фармакология антимикробных средств : учеб.пособие / Т. А. Муминов. - Алматы: Литер Принт. Казахстан, 2016.

5. Фармакология: руководство к лабораторным занятиям : учеб. пособие / под ред. Д. А. Харкевича. - 6-е изд., испр. и доп. ; Рек. учебно-методическим объединением по мед. и фарм. образованию вузов России. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014.- 512 с


6. Рахимов Қ. Д. Фитофармакология. Фармакология - Тезаурус. : оқу құралы = Фитофармакология. Фармакология -Тезаурус : учеб. пособие. - Алматы: ЖШС "Жания-Полиграф", 2015. - 528

7. Фармакология негіздері және рецептурасы : оқулық / М. З. Шайдаров [ж/б.]. - Астана: Ақнұр, 2014. - 398 бет. с.

8. Основы фармакологии с рецептурой : учебник / М. З. Шайдаров [и др.]. - Астана: Ақнұр, 2014. - 406 с.

9. Usmle Step 1. Pharmacology : Lecturer notes / D. Graig [et. al.]. - New York, 2019. - 321 p. - (Kaplan Medical)

<b>12</b>	<b>Пән саясаты</b>
	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Практикалық сабақтарда белсенді болу;</li> <li>2. Топта жұмыс жасай білу;</li> <li>3. Алдағы дәріс тақырыбы туралы білу, дәріс туралы кері байланысқа дайын болу;</li> <li>4. Дәрістер, практикалық сабақтар мен ОБӨЖ және БӨЖ сабақтарының кестесіне сәйкес күн сайын тапсырмаларды орындауы қажет;</li> <li>5. Сабақта белсенділік танытпаған және тапсырманы орындамаған жағдайда, жаза шаралары қолданылады және практикалық сабақ бойынша балл төмендейді;</li> <li>6. Пікірталастарға қатысу, жеке және топтық тапсырмаларды орындау, зерттеулер жүргізу және басқа ресурстарды орындау;</li> <li>7. Сабақтарды себепсіз жібермеу;</li> <li>8. Сыртқы түрі ұқыпты болу керек;</li> <li>9. Практикалық сабақтарда белсенді болу;</li> <li>10. Сабаққа кешікпеу;</li> <li>11. Жұмыс орнын таза ұстау.</li> </ol>

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 16 беттің 23 беті	
«Фармакология-2» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		

12. Әр қатыспаған дәріс үшін аралық бақылаудың бағасы 1 баллға төмендейді, әр жіберілген ОБӨЖ сабағы үшін БӨЖ бағасы 2 баллға төмендейді. Емтиханға жіберілу рейтингі практикалық сабақтың орташа баллынан, БӨЖ, аралық бақылаудан тұрады. Пән бойынша емтиханға жіберудің қорытынды рейтингі кемінде 50 баллды (60%) құрауы керек.

<b>13.</b>	<b>Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат</b>
	Студенттердің жазбаша, емтиханға жауап беру кезінде, зерттеу барысында, өз ұстанымын білдіруде, оқытушылармен, студенттермен және әкімшілікпен қарым-қатынаста адалдығын білдіру, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.
	<p>Қорытынды баға (100%) = жіберу рейтингі (60%) + қорытынды бақылау (40%)          Жіберу рейтингі (60%) = межелік бақылаулардың орташа бағасы (20%) + ағымдық бақылаудың орташа бағасы (40%)</p> <p>Аралық бақылаулардың орташа бағасы = аралық бақылау 1 + аралық бақылау 2          Ағымдағы бақылаудың орташа бағасы = БӨЖ бойынша орташа бағаны есепке ала отырып ағымдағы бағалардың орта арифметикалық сомасы          Қорытынды баға (100%) = АБ ор x 0,2 + Ағ ор x 0,4 + ҚР x 0,4          АБ ор - аралық бақылаудың орташа бағасы          Ағ ор - ағымдағы бақылаудың орташа бағасы          ҚР - қорытынды бақылау бағасы</p> <p>Студенттің оқу пәнін меңгеру деңгейі халықаралық практикада қабылданған сандық эквиваленті бар әріптік жүйеге (оң бағалар, кему шамасына қарай "А"-дан "D" - ге дейін және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") және дәстүрлі жүйе бойынша бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланады.</p>

<b>14 Келісу, бекіту және қайта қарау</b>			
Кітапхана-ақпараттық орталығымен келісілген күні	Хаттама № <u>9</u>	КАО меңгерушісі Т.А.Ж.	Қолы
	<u>14.06.2024</u>	<u>Дармашева Р.И</u>	<u>[Signature]</u>
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама № <u>11</u>	Кафедра меңгерушісі Т.А.Ж.	Қолы
	<u>10.06.2024</u>	<u>Тоқсанбаева Ж.С</u>	<u>[Signature]</u>
БББ АҚ мақұлданған күні	Хаттама № <u>11</u>	БББ АҚ төрағасының Т.А.Ж.	Қолы
	<u>18.06.2024</u>	<u>Тоқсанбаева Ж.С</u>	<u>[Signature]</u>
Қайта қарау күні	Хаттама № _____	Кафедра меңгерушісі Т.А.Ж.	Қолы
БББ АҚ қайта қарау күні	Хаттама № _____	БББ АҚ төрағасының Т.А.Ж.	Қолы